



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

«Алматы Менеджмент Университеті» білім ұйымы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен, Ualikhanov University-мен бірлесе отырып және Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің қолдауымен ұлы қазақ ғалымы-энциклопедист Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған **«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ: ЗЕРТТЕУШІ, АҒARTУШЫ, ДӘУІР АДАМЫ»** атты Халықаралық ғылыми форум өткізеді.

Форум тарихи-мәдени мұра, этнография, түркітану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы идеялар, зерттеулер мен үздік тәжірибелер алмасудың маңызды алаңы болмақ. Форум жұмысына отандық және шетелдік жетекші ғалымдар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, музейлер мен білім беру мекемелері, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ жас зерттеушілер мен мектеп оқушылары қатысады.

Форумның мақсаты – ғалымдар мен қоғам қайраткерлері арасындағы сындарлы диалогқа мүмкіндік беретін орта құру, Шоқан Уәлиханов мұрасын кеңінен насихаттау және жас ұрпақты зерттеу қызметіне тарту.

Форум бағдарламасында – отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың қатысуымен өтетін пленарлық отырыс, офлайн және онлайн форматта панельдік секциялар мен пікірталастар, сондай-ақ мектеп оқушылары мен жас зерттеушілердің ғылыми баяндамалары қарастырылған. Форум аясында кітаптар таныстырылымы, көрме жұмысы және Шоқан Уәлиханов есімімен байланысты қасиетті орындарға баруды қамтитын мәдени бағдарлама өтеді. Форум қорытындысы бойынша материалдар жинағы жарық көреді.

Форум бағыттары:

- Шоқан Уәлиханов және XIX ғасырдағы ғылыми таным көкжиектері;
- Этнография және түркітану: дәстүрлер мен жаңа зерттеулер;
- Ғылымның болашағы: жас ғалымдардың Шоқан Уәлиханов жайлы зерттеулері;
- Жас зерттеушілер: мектеп оқушыларының тарих пен мәдениетке көзқарасы.

Өткізілу күні: 2025 жылғы 17–18 қазан

Өткізілу орны: Көкшетау қ., Уәлиханов Университеті

Форум форматы: аралас (онлайн/офлайн)

Форум тілдері: қазақ, орыс, ағылшын

Форумға қатысу үшін осы [сілтеме](https://forms.office.com/Pages/ResponsePage.aspx?id=7rWf0FUBwUOK-7XxUKMPdy2YW3bvgSFPug2zbyabKoBUMjlJQkdaQlZGMTFORjgzMzJJVDdQTTRJUy4u) арқылы тіркеу формасын толтыруыңызды сұраймыз
<https://forms.office.com/Pages/ResponsePage.aspx?id=7rWf0FUBwUOK-7XxUKMPdy2YW3bvgSFPug2zbyabKoBUMjlJQkdaQlZGMTFORjgzMzJJVDdQTTRJUy4u>

Қатысу жіберуші тарап есебінен.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері:

E-mail: shoqan_forum@almau.edu.kz

Телефон: +7 747 467 0975

Құрметпен,

Ұйымдастыру комитеті

Халықаралық ғылыми форум

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ: ЗЕРТТЕУШІ, АҒАРТУШЫ, ДӘУІР АДАМЫ»

ФОРУМ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ:

Электрондық пошта: shoqan_forum@almatau.edu.kz

Телефон: +7 747 467 0975

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 050060, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 227,
Алматы Менеджмент Университеті

ЖАРИЯЛАУ ШАРТТАРЫ

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Мақала мәтіні мен форумға қатысуға өтінімдер

2025 жылғы **30 қыркүйекке дейін** shoqan_forum@almatau.edu.kz электрондық поштасына қабылданады.

Мақала авторының анкетасы

Халықаралық ғылыми форум

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ: ЗЕРТТЕУШІ, АҒАРТУШЫ, ДӘУІР АДАМЫ»

1	Автордың тегі, аты, әкесінің аты	
2	Мақаланың атауы және беттер саны	
3	Жұмыс/оқу орны (мекеменің толық атауы, қысқартусыз), қала	
4	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
5	Оқытушы, студент, магистрант, докторант мамандығы	
6	E-mail	
7	Телефон	
8	Конференцияға қатысуының болжалды түрі (қажеттісін белгілеңіз): <input type="checkbox"/> Мақаланы жариялау <input type="checkbox"/> Баяндама жасау	

МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жалпы ережелер

- Жариялануға түпнұсқа авторлық мақалалар қабылданады.
- Әр мақалаға автордың анкетасы қоса беріледі.
- Барлық материалдар плагиатқа (StrikePlagiarism жүйесі арқылы) тексеріледі және жасырын рецензиялау рәсімінен өтеді.

2. Мақаланың көлемі

5-тен 7 бетке дейін (жеке файл).

3. Мәтін параметрлері

Парақ форматы – А4.

Шеттері – барлық жағынан 2 см.

Қаріп – *Times New Roman*, өлшемі – 14 пт.

Жоларалық интервал – бір аралық.

Абзацтық шегініс – 1 см.

Мәтінді теңестіру – жол бойынша.

Тасымалдар – қолданылмайды.

Бет нөмірі – қойылмайды.

Абзац алдындағы және кейінгі интервал – 0 пт.

4. Мақала құрылымы

Бірінші жол – баяндама атауы (ортасында, бас әріптермен, қалың қаріппен).

Екінші жол – автор туралы мәлімет (ортасында, кіші әріптермен: тегі, инициалдары, ғылыми дәрежесі мен атағы).

Үшінші жол – ұйым атауы, қала, ел (ортасында курсивпен).

Бір жол қалдырып – мақала тілінде аннотация (10 жолдан аспайды).

Аннотациядан кейін – мақала тіліндегі түйінді сөздер (6 сөзге/сөз тіркесіне дейін).

Бір жол қалдырып – мақаланың негізгі мәтіні.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар үшін

Негізгі мәтіннен кейін бір жол қалдырып, ағылшын тіліндегі мәліметтер берілуі тиіс: мақала атауы;

аннотация (10 жолдан аспайды);

түйінді сөздер (6 сөзге/сөз тіркесіне дейін).

5. Суреттер мен кестелер

Барлық суреттер мен кестелер реттік нөмірмен және атаумен көрсетілуі тиіс: (Сурет 1), (Кесте 1).

Мақала мәтінінде суреттер мен кестелерге міндетті түрде сілтемелер берілуі қажет.

Суреттер мен кестелердегі мәтін қарпі – 12 пт.

Сілтемелер мен әдебиеттер тізімі

Дереккөздерге сілтемелер тік жақшада рәсімделеді: [1, б. 4].

Әдебиеттер тізімі мақаланың соңында, мәтінде аталу ретіне сәйкес беріледі.

Жас ғалымдарға арналған тақырыптар:

- «XIX ғасыр контексіндегі Шоқан Уәлиханов зерттеулерінің тарихи-мәдени маңызы»
- «Этнографиялық зерттеулердегі Шоқан Уәлихановтың әдіснамалық тәсілдері»
- «Ғылыми дискурстардағы қазақ ұлттық бірегейлігінің дамуы және Шоқан Уәлиханов»
- «Шоқан Уәлихановтың географиялық және этнографиялық экспедицияларын талдау»
- «Ресей мен Қазақстан арасындағы мәдениетаралық диалогты қалыптастырудағы Шоқан Уәлихановтың рөлі»
- «Шоқан Уәлиханов: зерттеуші және дипломат – саяси және мәдени процестерге ықпалы»
- «Қазіргі тарихи ғылымдағы Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасына сыни талдау»
- «Қазақстандағы гуманитарлық ғылымдардың дамуына қосқан Шоқан Уәлихановтың үлесі»
- «Шоқан Уәлиханов: ұлттық қаһарман ба, әлде отарлық саясат құралы ма?»
- «Шоқан Уәлихановты қазақ мәдениетінің шынайы өкілі деуге бола ма?»
- «Қазақ бірегейлігін қалыптастырудағы Шоқан Уәлихановтың үлесі: тарихи миф пе, әлде шындық па?»
- «Шоқан Уәлиханов – «мәдениетаралық дәнекер»: көкжиектерді кеңейту ме, әлде отарлық билікпен ымыра ма?»
- «Отаршылдық дәуіріндегі мәдени түпнұсқалық мәселесі және Шоқан Уәлиханов»
- «Қазіргі саяси дискурстар контексіндегі Шоқан Уәлиханов: ұлттық мақтаныш па, әлде тарихи құрал ма?»

Жас зерттеушілерге – мектеп оқушыларына арналған жобалық тақырыптар:

- «Шоқан Уәлиханов кім және ол Қазақстан тарихы үшін неге маңызды?»
- «Шоқан Уәлихановтың саяхаттары: жаңалықтар мен әсерлер»
- «Шоқан Уәлиханов – дала зерттеушісі және ғалым»
- «Шоқан Уәлиханов қазақ халқының мәдениетін тануға қалай көмектесті?»
- «Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ашқан жаңалықтары»
- «Қазақстан туралы Шоқан Уәлиханов еңбектерінен не біле аламыз?»
- «Шоқан Уәлиханов – халықтар мен мәдениеттер арасындағы көпір»
- «Бүгінгі күн үшін Шоқан Уәлиханов мұрасы неге маңызды?»
- «Шоқан Уәлихановтың Шығыс халықтары туралы ғылымға қосқан үлесі»
- «Шоқан Уәлиханов: зерттеуші, саяхатшы, ғалым»